



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА


Инвестициялаудың баламалы құралдары туралы

2022 жыл, 25 наурыз

Қазіргі тұрақсыз геосаяси жағдайда қолма-қол шетел валютасына сұраныс артқаны байқалады. Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) жинақты тартымды әрі сенімді инвестициялық құралдар – **ҚҰБ-тың алтын мен күмістен жасалған инвестициялық монеталарын және тазартылған алтын құймаларын** пайдалана отырып, сақтауды ұсынады.

Алтын мен күміске салынған қаржы инвестицияны инфляция мен валюталық тәуекелден сақтап қана қоймайды, сонымен қатар бәсекеге қабілетті кірісті де қамтамасыз ете алады. Алтын мен күміс құнының¹ теңгедегі динамикасынан көрініп тұрғандай, ҚҰБ-тың өлшемелі алтын құймалары мен инвестициялық монеталарына инвестиция салу – ұзақ мерзімді перспективада жоғары табысты көрсетеді. 2000 жылдан 2022 жылға дейінгі аралықта алтын бағасының орташа жылдық өсу қарқыны **18%** болса, күміс бағасы үшін бұл көрсеткіш – **15,1%**.

Алтын мен күміс құнының динамикасы (1 троя унциясына)



ҚҰБ-тың инвестициялық құралдарындағы артықшылықтардың бірі – **оның нарықтағы өтімділігі**, ол өлшемелі құймалар мен инвестициялық монеталарды кері сатып алуға өткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Егер алтын құймалар зақымданбаған тұтас қаптамамен кері сатып алуға өткізілсе, **алтын құйманың иесі олар үшін өткізген күні төлем алады**. ҚҰБ-тың өлшемелі құймалары мен инвестициялық монеталары **сату бойынша алынатын қосылған құн салығынан босатылған**, бұл да сатып алушыларға үлкен артықшылық береді.

¹ Теңгедегі құны Лондон бағалы металдар нарығының қауымдастығымен (LBMA) анықталған сәйкес металдың бір троя унциясының бағасы және теңгенің долларға қатысты ресми бағамы бойынша анықталған.

Инвестициялық құралдарды алу жолдары

	Инвестициялық монеталар				Алтын құймалар
	ALTYN BARYS алтын монеталары		KÚMIS BARYS күміс монеталары		
	номиналы	салмағы	номиналы	салмағы	салмағы
					
Түрлері	10 теңге 20 теңге 50 теңге 100 теңге 200 теңге 500 теңге	3,11 г 7,78 г 15,55 г 31,1 г 62,2 г 155,5 г	1 теңге 2 теңге 5 теңге 10 теңге	31,1 г 62,2 г 155,5 г 311 г	5 г 10 г 20 г 50 г 100 г
Қайдан сатып алуға болады?	ҚҰБ филиалдары				Екінші деңгейлі банктер (Halyk Bank, Еуразиялық Банк, Jusan Bank, ЦентрКредит Банкі), сондай-ақ жекелеген банктік емес айырбастау пунктері

Сонымен қатар, жақын арада ҚҰБ-тың интернет-дүкені арқылы инвестициялық монеталарға **алдын ала тапсырыс беруге** мүмкіндік туады. Ондай жағдайда сатып алушылар өздеріне ыңғайлы уақытта монеталарды алып кете алатын ҚҰБ филиалын таңдай алады. Таңдалған филиалда монеталар болмаса, олар филиалға ҚҰБ есебінен жеткізіледі. Монеталарды дайындау мен логистиканы ескергенде жеткізудің орташа уақыты 4-6 аптаны құрайды.

Монеталар филиалға келіп түскеннен кейін сатып алушылар ҚҰБ филиалына бару күні мен уақытын белгілеу туралы хабарлама алады. Алдын ала тапсырыс беру кезінде монеталар үшін төлем жүргізілмейді. Монеталардың құны ҚҰБ филиалында сатып алынған күндегі бағалы металдың теңгедегі құнына байланысты анықталады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты келесі телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz